

### **Хаттама № 3**

Тасарық елді мекеніндегі №238 орта мектебінде 2023жылдың 5 қаңтары күні кезекті педагогикалық кеңес болып өтті.

**Қатысуға тиіс-37**

**Қатысқаны-32**

**Дәлелді себептермен қатыспағаны - 5**

#### **Күн тәртібінде:**

1. 2022-2023 оқу жылының II оқу тоқсанындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы туралы /Б. Аханова, С. Кәрібай/
2. Мектеп бітіруші 11-сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының ұйымдастыру жайы /Т. Бөлебаев/
3. Суицидтің алдын алу және «Тәуекел топ» балаларымен коррекциялық жұмыс туралы  
/П. Ургенішбаева/
4. Мектепте критериалды бағалауды жүргізу сапалы оқытудың кепілі /Б. Аханова/
5. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы. /С.Кәрібай/
6. «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту, ҚР оқу-ағарту министрлігінің 30.12.2022ж №533 бүйрығын таныстыру  
/Б. Аханова/
7. Қатынас хаттардың орындалуы, нәтижелері . /А. Абилаева, Б. Аханова, С. Кәрібай, Т. Бөлебаев, А. Сүйеубаев, Ә. Ізбасаров, П. Ургенішбаева, А. Аханов, Б. Исатаева, М. Жанабилова, Г. Тәштитова/

#### **Тындалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова II оқу тоқсанының қорытындысы және үлгерім көрсеткіші туралы баяндады. 2022-2023 оқу жылының екінші оқу тоқсанын 107 окушымен бастап 107 окушымен аяқтағанын атап өтті.Оның ішінде 27 үздік , 27 екпінді окушылар білім сапасы 59 % көрсетіп отыр .

Үлгермеуші окушы болған жок. II оқу тоқсанының үлгерімі бойынша білім сапасының көрсеткіші бойынша есептегендеге:

1. 2-сынып, 14 окушы 7 үздік,3 екпінді 71%
2. 3-сынып, 9 окушы 3 үздік,4 екпінді 77 %
3. 4-сынып, 9 окушы 2 окушы, 3 екпінді 55%
4. 5-сынып, 12 окушы 1 үздік ,4 екпінді 41%
5. 6-сынып, 8 окушы 4 үздік , 2 екпінді 75%
6. 7-сынып, 8 окушы 2 үздік ,1екпінді 25%
7. 8-сынып,8 окушы 2 үздік ,2 екпінді 50 %
8. 9-сынып, 10 окушы 3 үздік , 1 екпінді 44%
9. 10-сынып, 8 окушы 1 үздік ,5екпінді 62%
10. 11-сынып, 6 окушы 4 үздік ,1 екпінді 100%

9-сыныпта 1 окушыға денсаулығына байланысты баға шыққан жоқ қалған 9 окушыға баға шықты. Бірінші оқу тоқсанымен салыстырғанда білім сапасы екі пайызға артқандығын көреміз.

**Ұсыныс:**2022-2023 оқу жылында білім сапасы бойынша төмен пайыздық көрсеткіштегі 5,7,9–сыныптардағы жекелеген окушылармен жұмыс жасау химия, математика пәні мұғалімдеріне міндеттелсе.II оқу тоқсанында осы сыныптарда Lesson study сабактарын, пән мұғалімдеріне әдістемелік кеңестер ұйымдастырып, жүргізу мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға міндеттелсе.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Кәрібай өз сөзінде II оқу тоқсанының тәрбие жоспарына қатысты көрсетілген іс- шаралар жоспары 8 бағыт бойынша жасалып, өз деңгейінде жүргізілгенін айттып «Қоғам құндылығы» арнайы жобасы аясында біртұтас ұлттың бәсекеге қабілетті, сындарлы, күшті, шығармашыл, патриот және белсенді тұлғасын қалыптастыру

07-18 қараша қараша аралығында «Отбасы-тәрбиы басы, мектеп – тәрбие жаршысы» тақырыбында сынып жетекшілер онқұндігі өткізілді. «Отбасы-тәрбиы басы, мектеп – тәрбие жаршысы» тақырыбындағы он күндіктің жоспары жасалып, бекітілді.

Мақсатымыз: Мектеп пен ата – ана арасында қарым қатынасты ныгайту. Барлық жалпыадамзаттық құндылықтарды бала бойына сіңіретін ата-ана тәрбиесі, ал оны дамытуға ықпал ететін мектеп екенін ата-аналарға түсіндіру. Ата-аналарға кеңес бере отырып, бала тәрбиесі бәрімізге ортақ екенін ұғындыру болып табылады.

Онқұндік барысында мектеп пен ата аナンЫЦ ТЫГЫЗ БАЙЛАНЫСЫН ҚАЛЫП ТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДА ТҮРЛІ ИС – ШАРАЛАР ӨТКІЗІЛДІ. ОНҚҰНДІКТЕ ТРЕНИНГ, ДЕБАТ, ОҚУҒА ҚҰШТАР ОТБАСЫ, АШЫҚ ТӘРБИЕ САҒАТТАРЫ, ОТБАСЫЛЫҚ СПОРТТЫҚ САЙЫСТАР, ҰЛДАР ҰЙЫМЫ, МЕН ҚЫЗДАР ҰЙЫМЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ЖӘНЕ ӘКЕЛЕР ЖҰМЫСЫ, ТЕАТРЛАНГАН ҚОЙЫЛЫМДАР ЖАН ЖАҚТАҚ ҚАМТЫЛЫП, АТА-АНАЛАР МЕН ОҚУШЫЛАР ЖАҢА ҚЫРЫНАН ТАНЫЛДЫ.

18 қараша күні "Отбасы-тәрбие басы, Мектеп-тәрбие жаршысы" атты сынып жетекшілердің 10 күн бойы өткізілген іс-шаралардың қорытындысы жасалып, онқұндік барысындағы өткен шаралардың қызықты сәттерінен құрастырылған бейнеролик көрсетілді

Ұстаздар "Сынып жетекшілердің бір мезгіл жұмыс күні" негізінде сахналық қойылым қойды.

Осылай 7 қараша мен 18 қараша аралығында жүргізілген "Отбасы тәрбие-басы, Мектеп-тәрбие жаршысы" атты сынып жетекшілердің онқұндігі қорытындыланды.

Желтоқсан айының 14-і күні мектептің «Жас қыран», «Жас ұлан» ұйымдарының қатары толығып, ұйымдарға үлгерімі жақсы мектеп оқушылары қабылданды.

МАД, 1-11 сынып оқушыларның Жаңа жылдық іс шарасы бөлінген кестелерге сәйкес, 27,28,29, желтоқсан күндері қауіпсіздік шараларын сактай отырып, мектеп қабырғасында өткізілді. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында, мектептің ерікті жастарынан құрылған, кезекшілік құрылды. КЕЗЕКШІЛІК кезінде, бейтарап жүрген мектеп оқушылары болған жоқ.

**Ұсыныс:** Сынып жетекшілеріне ата-аналармен талапқа сай тығыз байланыста болу жүктелсе

Екінші мәселе бойынша мектеп директорының бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары Т. Бөлебаев мектеп бітіруші 11-сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының жүргізуі туралы баяндады. Биылғы 11-сыныпта ұлттық бірыңғай тестілеуіне қатысатын 6 оқушымен дайындалуда. Оқушылардың таңдау пәндерінде өзгерістердің болмауына байланысты, дайындық кестелерінде де өзгерістердің жоқ екенін айтты. Осы кезге дейін алынған тесттердің нәтижелеріне токталар болсам:

Төрт айдын көрсеткіші: Оку сауаттылығы - 14%, тарих - 12%, математика сауаттылығы 8,2%, таңдау пәндері биология 15,9%, география 27,2%, химия - 11,3%, Дүниежүзі тарихы 22,6%, Математика 20,5%, Қазақ тілі 33,4%, Қазақ әдебиеті 26%, Жалпы орташа балл 77,4 пайызды құрап тұр.

Кемшіліктерге келер болсам: кей оқушылардың үйден дайындалатын онлайн дайындықтарымен қатар келіп мұғалім өтетін тақырыптардан қалыс қалып жүргенінен деп ойлаймын. Оқушылар жақсы көрсеткіштерге жету үшін, мұғалімдерге қойылатын ең басты міндет, оларды жан – жақты дайындау. Оқушы білімін көтеруде уақытпен санаспай, бар ынта-жігермен жұмыс жасағандағанда оң нәтиже беретіні сөзсіз. Сондықтан ҰБТ-ға сапалы дайындықты қамтамасыз ету үшін, алдағы уақытта да дайындық жұмыстары үздіксіз жүргізіле бермек.

**Ұсыныс:** Оқушылардың ҰБТ-ке дайындығы барысындағы түстен кейінгі қосымша сабакқа толық уақытылық қатысуын қадағалап отыру сынып жетекшісіне міндеттелсе.

Үшінші мәселе бойынша мектеп психологі П. Ургенішбаева «Суицидтің алдын алу және «Тәуекел топ» балаларымен коррекциялық жұмыс» туралы баяндады. 5-11 сынып оқушыларынан DASSшкаласы, HCB -10 тесті, филлипс мазасыздықты анықтау сауалнамасы алынып нәижелері шығарылғанын, нәтижесінде 1 оқушы «Қауіпті топ» қатарынан анықталып, 2 оқушы мектепшілік бакылауға алынды.

11-сыныптан «ҰБТ-ға сеніммен барайық», 10-сынып оқушыларынан «Мен өмірді сүйемін», 8-сыныпта «Сенім менің серігім» тақырыптарында тренингтер жүргізілді. Бұл тренингтің мақсаты оқушылардың бойындағы стрестен арылу, сенімсіздікті жою алға қойған мақсаттарына жетуге деген сенімділіктерін оятып, өмірде кездесетін қындықтарды жеңе білуге үйрету. Жоспар бойынша қараша айында 5-11 сынып оқушылардан эссе алынып нәтижесі шығарылды. Аудандық білім бөліміне де эссе қорытындысы бойынша есебі берілді. Нәтижесінде қауіп тобы анықталмады. 10-11 сынып оқушыларымен «Өзіңе сен!», «Сенімділік күш береді» тақырыптарында тренинг жүргізілсе, 8-9 сынып оқушыларымен «Стресспен қалай күресуге болады?» тақырыбында кенестер берілді. Мақсаты: Оқушылардың ҰБТ-ге дайындық кезіндегі сенімділігін, мінез-құлық эмоциялық ерік сфера дағдысын психологиялық тұрғыда

қалыптастыру, оку-танымдық қабілеттерін арттыру, стрестен арылу жолдарын үйрету және қорқыныш пен іштей қиналған сезімдерден құтылуға, адап болуға психологиялық көмек көрсете отырып, өзін-өзі реттеуін, өзі-өзі бақылауға дағдыландыру және сенімділігін арттыруын жүзеге асыру. Алдағы уақытта жоспар бойынша диагностикалық, коррекциялық жұмыстар жүргізілетінін де айта кетті.

**Ұсыныс:** Сицидтің алдын алу және «Тәуекел топ» балаларымен коррекциялық жұмыс жасау мектеп психологі П.Ургенішбаеваға, қызы балалар мен ер балалармен жұмысты күшайту мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Кәрібайға міндеттелсе.

Келесі мәселе бойынша мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова мектепте критериалды бағалауды жүргізубарысы туралы баяндады. Критериалды бағалаудың талапқа сәйкес бір нәрсені бағалауда қабылданатын ережелер немесе белгі, негіздеме және оқу тапсырмасының дұрыс орындалу жолдарының айқын, нақты көрсетілген көрсеткіштерінен тұратынын Критериалды бағалау жүйесінің қалыптастыруши/формативті / және жиынтық бағалау түрлері кіретінінде айтып өтті.

**Ұсыныс:** Пән мұғалімдері әр сабактағы критериалды бағалаудың талаптарын сақтап, дескрипторларын жүйелі жүргізіп отырса.

Келесі мәселе бойынша балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібай баяндады.

Мектеп оқушыларының өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Бала өмірін қауіпсіздігі маңызды» тақырыбында әрбір сыныптарда сынып жетекшілермен бірлесіп, ата-аналар жиналысы ай сайын, тоқсан сайын өткізіліп келеді.

Жиналыс барысында қалалы жерлердегі жарықтың жетіспеуі мен көрінбейтін жаяу жүргінші салдарынан жиі жол-көлік оқигаларының болып жататындығын, сонымен катар аймақта кәмелетке толмағандардың қатысуымен орын алған жол көлік оқигалары жайында ақпараттық мәліметтер баяндалды және балалардың қалаға шыққандағы жол өмір қауіпсіздігі басты назарда екенін айтып, ата-аналарға жарықты шағылыстыратын элементтер туралы слайд көрсетіліп, баланың көшедегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін киімге немесе сөмкеге жарық шағылыстырығыш элементті жабыстыру керектігі, ата-ана және сынып жетекшілерге балаға өзін жолда қалай ұстау керектігін және жол жүру ережесін міндетті түрде үйретіп, өзі де сол ережелерді сақтанып, үлгі бола білуі керектігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жалпы айтар болсақ, мектептегі болып жатқан іс-шаралар мен алдағы келе жатқан Жаңа жыл мерекесіне орай, атқарылатын жиындарда, қыскы каникул кезіндегі балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында шаралар қабылданап, балалардың қауіпсіздігін басты назарда ұстау, біздің және ата ананың міндеті болып қаралады. Мектепішілік оқушылар арасында «Жол қозғалысы жас инспекторлары» тобының мүшелері балалардың белсенді өмірлік бағыт-бағдарларын қалыптастыру, көшелер мен жолдардағы қауіпсіздік ережелерін оқып-үрену, жол қауіпсіздігі ережелерін насиҳаттау мақсатында ата-аналарға жадынамалар үлестіріп берілді.

Ата-аналар арасында жол жүру ережесін сақтаудың маңыздылығы туралы өз ойларын орта сала отырып, талқыланды. Осы орайда Жаңа жыл мерекесі кезінде мектепте мобиЛЬДІ топ құрылып, тұнгі рейдтік жұмысты күшайтуіміз керек. Кәмелетке толмаған жас өспірімдердің қылмыспен құқық бұзушылықтың алдын алу, қауіпсіздігі жұмыстарының маңыздылығын ескере отырып, рейдтік іс-шараларды өткізу кезінде балалар құқықтарының бұзылу фактілерін анықтау үшін мұғалімдер арасында ұйымдастырылды, балалардың қадағалаусыз және панаыз қалуының, тұнгі уақыттарда үлкендерсіз үйлерінен тыс жерлерге жүрген балаларды анықтау бойынша мектепте барлық сынып жетекшілер жауапты мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары психологтар, әлеуметтік педагог, медбике, тәлімгер, ата-аналар қоғамдастырының өкілдері және т.б. қатысуымен «Тұнгі ауылдағы балалар» атты рейд жүргізу барысында ауыл көшелерінде тұнгі рейд жүргізіледі. Мектеп мұғалімдерінен құрылған тұнгі кезекшілік құрамы жұмыстарын жүргізіп келеді. Демалыс күндеріне арнайы кезектескен мұғалімдерді тұнгі рейдке қойылған, рейд кезінде көшеде балалар кездеспеді. Ауыл ішінде тұнгі уақытта тыныш болды, өйткені ата-аналарға түгел ескертіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Мөлтек көше бойынша хабарлама арқылы ата-аналарына байланысып, балалардың үйлерінде болуына зерттеулер жасалды, сонымен бірге жалдамалы жұмыс жасайтындар туралы зерттелді, бірақ оқушы анықталмады, ондай оқушы жоқ болып шықты. Отбасы тәрбиесінің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті,

парасатты, ар-ожданы мол, еңбеккор, білімді азаматты тәрбиелеу. Бала да жас терек сиякты, қалай тәрбиелесең, жастан қандай тәрбие берсең, ертең есейгенде жас кезіндегі алған тәрбиесі өміріне негіз болмақ. Мектеп және ата-ана болып, балалардың қауіпсіздігін сактауды ең бірінші орынға қою керек. Баланың жарақат алуы көбінесе мектеп пен үй арасында болады. Көшеде ұзақ ойнап жүріп қалған бала міндетті түрде қын жағдайға тап болуы мүмкін (балалармен ойнап жүріп ерегісіп, төбелесіп қалуы, бір-бірінің заттарын тартып алуы, бетен бұзақы балалардың көзіне түсуі және олардың ақша талап етуі, дүкеннен жарылғыш заттарды сатып алып ойнауы, т.с.с.). Ата-ана балаға артық ақша бермеуі керек. Үшкір заттар мен газды балондар алып жүрмеуін қадағалауы қажет. Көбінесе ата-ана жұмыста болып, бала үйде жалғыз қалатын кездер болады. Балаға техника қауіпсіздік ережелерін және мынаны ескертіп отыруы керек: үйде жалғыз қалғанда электр жүйесіне жақындаамау, газ плитасына тиіспеу, терезені ашпау, бетен кісіге есік ашпау, т.с.с. Ата-анасының әрбір ескертүін ұмытпай, ереже талабын бұлжытпай орындаған балалардың әр түрлі сәтсіздіктен аулақ болатыны шындық. Құрметті ата-ана, балаларыңызды жолда қараусыз қалдырмаңыз, жолда жүру ережесін сактауда балаларыңызға үлгі болыңыздар. Егеменді еліміздің болашағы – балалар. Сондықтан бала өмірінің қауіпсіздігіне немқұрайлы қарамайық **Ұсыныс:** Сынып жетекшілер ата-аналармен тығыз байланыста болып, оқушылардың қауіпсіздігін тұрақты бақылауда ұстаса.

Келесі мәселе бойынша мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту, ҚР оку – ағарту министрлігінің 30.12.2022ж. №533 бұйрығын таныстырып, баяндады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қантарындағы №83 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Педагогтардың аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасының Оку –ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Интернет-ресурстарында орналастыруды; т.б осы бұйрықтың маңызды тұстарымен таныстыруды.

**Ұсыныс:** Мамыр айында аттестаттаудан өтетін педагогтардың құжаттары алдын ала мектепішілік комиссияның сараптамасымен, талапқа сай дайындалса.

Келесі мәселе бойынша бойынша қатынас хаттардың орындалуы, нәтижелері туралы шығып сөйлеушілер: А. Абилаева, Б. Аханова, С. Кәрібай, Т. Бөлебаев, А. Сүйеубаева,

Ә. Ізбасаров, П. Үргенішбаева, А. Аханов, Б. Исатаева, М. Жанабилова, Г. Тәшитова

Мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова шығып өзіне орындалуға міндетtelген қатынас хаттардың орындалғанын және педагогтар тарапынан орындалғанмен нәтижесіз болғанын баяндады. Қосымша білім беру маманы А. Сүйеубаева өз сөзінде үш айда 19 қатынас келгенін оның ішінде нәтижелі болғаны қазан айында қатынас хаттың №2153 санды «Сыр өнірі-астаналар ордасы» тақырыбындағы ғылыми-жобадан 9- сынып оқушысы Құттыбай Аружан /жетекшісі: Б. Бөлебаева/ облысқа жолдама алып, сертификатпен оралды. №2388 санды ағылшын тілі мұғалімдеріне әдістемелік көмек беру мақсатында мектебіміздің екі пән мұғалімі де қатысты №2596 санды қатынасқа сәйкес IQanat олимпиадасына 8-сынып оқушылары қатыстырылды. Нәтижесі әлі жарияланбады.

### Шығып сөйлеушілер:

1. **Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі- Н. Әбдімұратов:** II оку тоқсанына біршама жұмыстар талапқа сай атқарылғанын баяндамашылар айтып өтті. Барлық ұйымдастырылған шаралар оқушылардың тәрбиесі мен терең білім алуына бағытталып жатыр. Пән мұғалімдері сонымен катар кәсіби байқауларға да қатысып, тәжірибе алмасып келуде. Әзірge нәтижесі болмағанымен алдағы уақытта іскерліктерімен, шығармашылықтарымен көріне алады деп ойлаймын. Өз кезегінде түрлі сайыс, бәйгелерге денешінің түрлі оқушылардың қатыстырып, сыйнасып, белдесіп жүрміз. Эрине, балалардың жол, өмір қауіпсіздіктері басты назарымызда.
2. **Математика пәні мұғалімі- М. Сердалиева:** Пән мұғалімдерінің УБТ, олимпиадаға оқушыларын дайындауда жатқанын көріп жүрмін және әлі де дайындықты күшейту керек деген

ойларыңызды қолдаймын. Биылғы бітірушілерге мен жетекшілік етемін. Алты оқушы дегенмен әрқайсысының мүмкіндіктері әртүрлі. Дайындықты да, ізденуді де тоқтатпауға тырысамыз. Үнемі біргемін. Ата-аналарымен де тұрақты байланыс жасап, сөйлесіп отырамын. Көңіл-күйлері, ықыластары жаман емес. Жоғары балл алуға деген үмтىлыштары өте жақсы. Жыл соңында оқушыларымыз үздік нәтижелерге жетеді деген пікірдемін.

3. **Ағылшын пәнінің мұғалімі- А. Құрманшаев:** Бүгінгі кеңесте қаралған мәселелер өте өзекті деп ойлаймын. Пәндерден көрсеткіштерітөмен пайыз болып тұрған өз сыныбымда бір оқушыны алдағы уақытта қосымша сабактарға шақыртып, білімдерін тереңірек зерделей түсуге мән беремін. Сондай-ақ балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау, қамтамасыз ету басты назарымызда, бақылауымызда болады.

**Педагогикалық кеңес қаулы етеді:**

1. 2022-2023 оқу жылында білім сапасы бойынша төмен пайыздық көрсеткіштегі 5,7,9 – сыныптардағы жекелеген оқушылармен жұмыс жасау химия, математика пәні мұғалімдеріне жүктеліп, III оқу тоқсанында осы сыныптарда Lesson study сабактарын, пән мұғалімдеріне әдістемелік кеңестер үйімдастырып, жүргізу мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға міндеттелсін.
2. Оқушылардың ҰБТ-ке дайындығы барысындағы түстен кейінгі қосымша сабакқа толық уақытылық қатысуын қадағалап отыру сынып жетекшісіне, үйімдастыру мектеп директорының бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары Т. Бөлебаевқажүктелсін.
3. Суицидтің алдын алу және «Тәуекел топ» балаларымен коррекциялық жұмыс жасау мектеп психологі П.Ургенішбаеваға, қыз балалар мен ер балалармен жұмысты күшету мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Кәрібайға міндеттелсін.
4. Сабактағы критериалды бағалаудың талаптарын сақтап, дескрипторларын жүйелі жүргізу пән мұғалімдеріне, осы жұмысты талапқа сай үйімдастыру мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға міндеттелсін.
5. Оқушылардың қауіпсіздігін тұрақты бақылауда ұстау, ата-аналармен тығыз байланыста болу сынып жетекшілері мен мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Кәрібайға міндеттелсін.
6. Мамыр айында аттестаттаудан өтетін педагогтардың құжаттарын алдын ала мектепішілік комиссияның сараптамасына талапқа сай дайындау, ұсыну мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға жүктелсін.
7. Қатынас хаттардың талапқа сай орындалуы, нәтижелерінің болуы А. Абилаева, Б. Аханова, С. Кәрібай, Т. Бөлебаев, А. Сүйеубаев, Ә. Ізбасаров, П. Ургенішбаева, А. Аханов, Б. Исатаева, М. Жанабилова, Г. Тәштитоваларға міндеттелсін.



Педагогикалық кеңестің төрайымы:

Хатшы:

Ә. Қеулімжай

А. Жарболова